Бекітемін
Мектеп-гимназия директоры:
А.М.Халыкова _____
«01» 10 2026 ж.

Әлеуметтік педагогтің 2026-2027 оқу жылының қазан айына арналған ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№ р/с	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
1.	«29 қазан – Қамқоршылар күні» апталық іс-шаралар кешенін іске асыру	01.10.-31.10.2026ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
2.	**Директор жанындағы мәжіліс (қаралатын мәселе):** - Сабаққа себепсіз келмейтін білім алушылар туралы;	01.11.-29.11.2026ж.	Әлеуметтік педагог	Хаттама
3.	**Қамқоршылық кеңес отырысына қатысу (ҚК отырысының жоспарына сәйкес)**	01.11.-29.11.2026ж.	Әлеуметтік педагог	Хаттама
4.	Бір реттік тамақтандырумен қамтылған білім алушыларға және ата-аналарға арналған ұсынымдар, чек-парақтар мен видео-түсіндірмелер, түсіндірме жұмыстарын жүргізу: «Ас – адамның арқауы», «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» ***Құндылық:*** *Заң және тәртіп*	01.10.-31.10.2026ж.	Әлеуметтік педагог Медбике	Чек-парақтар мен видео-түсіндірмелер
5.	Білім алушыларды бір реттік сапалы тамақтандырумен қамту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру	01.10.-31.10.2026ж.	Әлеуметтік педагог Кезекші әкімші	Бракераждық/мониторингтік комиссия мүшелерінің жұмысы
6.	Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс жоспарын негізінде білім алушыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету **Құндылық:** *Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік*	01.10.-31.10.2026ж.	ДТІЖО Әлеуметтік педагог	Ата-аналарға әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру журналы
8	Жетім және ААҚҚ білім алушыларды, өгей әкесімен және анасымен тұратын білім алушыларды бақылау	01.10.-31.10.2026ж.	Әлеуметтік педагог	Бақылау күнделігі

Әлеуметтік педагог: Саденова Т.Б

Б.БЕЙСЕКБАЕВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ МДШО МКМ

2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТІҢ ҚАЗАН АЙЫНДА АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

АНЫҚТАМА

1. «29 қазан – Қамқоршылар күні» аясындағы жұмыс

Қамқоршылар күніне орай мектепте қамқоршылық міндетін атқарып отырған азаматтарға құрмет көрсету мақсатында арнайы жұмыс ұйымдастырылды.
Іс-шара аясында мектепке 2 қамқоршы шақыртылып, мектеп директорының атынан алғыс айтылып, гүл шоқтары табысталды. Кездесудің негізгі мақсаты – қамқоршылардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін бағалау, олардың еңбегіне құрмет көрсету және мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Аталған жұмыс балалардың тәрбиесіне бейжай қарамайтын, оларға қамқорлық көрсетіп отырған азаматтарды қолдауға бағытталды.

2. Өгей әкесімен немесе өгей анасымен тұратын білім алушылардың сабаққа қатысуын бақылау

Білім алушылардың сабаққа қатысуын, мектептегі оқу жағдайын және әлеуметтік бейімделуін бақылау мақсатында өгей әкесімен немесе өгей анасымен тұратын отбасылардағы балалармен жұмыс жүргізілді. Әлеуметтік педагог 20 білім алушының сабақтарына қатысып, олардың сабақ барысындағы оқу әрекетін, мұғалімдермен және сыныптастарымен қарым-қатынасын бақылауға назар аударды.
Жұмыс барысында балалардың мектептегі жағдайын зерделеу, білім алуына кедергі келтіруі мүмкін факторларды анықтау және қажет болған жағдайда әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету мәселелері қарастырылды. Аталған жұмыс балалардың құқықтарын қорғау, олардың мектепке бейімделуіне ықпал ету және отбасылық жағдайына байланысты туындауы мүмкін қиындықтардың алдын алу мақсатында ұйымдастырылды.

3. Ата-аналарға әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру және отбасыларды қолдау

Білім алушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру және отбасындағы қиындықтарды шешуге қолдау көрсету мақсатында ата-аналарға әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.
Кеңес беру барысында:

- ата-аналарға бала тәрбиесі мен отбасындағы өзара түсіністіктің маңыздылығы түсіндірілді;
- балалардың оқуына және сабаққа тұрақты қатысуына қолайлы жағдай жасау мәселелері қарастырылды;
- отбасылардың әлеуметтік қажеттіліктеріне назар аударылды;
- туындаған мәселелер бойынша тиісті ұсынымдар берілді;
- отбасыларға қажеттілігіне қарай әлеуметтік қолдау көрсетілді.

Әлеуметтік педагог ата-аналармен өзара байланыс орнатып, балалардың мүддесін қорғауға және отбасылық тәрбиені қолдауға бағытталған жұмыстар жүргізді.

4. Білім алушыларды бір реттік тамақтандырумен қамту және асханадағы сапаны бақылау

Мектепте білім алушыларды сапалы бір реттік тамақтандырумен қамту және асханадағы тамақ сапасын бақылау жұмыстары жүргізілді. Асханада тамақ сапасын тексеру мақсатында комиссиялық тексеріс өткізілді. Тексеру нәтижелері бойынша тиісті хаттама толтырылды. Комиссия жұмысы тамақтандырудың ұйымдастырылуын бақылауға және анықталған мәселелерді тиісті тәртіппен тіркеуге бағытталды.

5. Қазан айындағы әлеуметтік педагог жұмысының негізгі көрсеткіштері

Қорытынды

2026 жылғы қазан айында әлеуметтік педагогтің жұмыс жоспарына сәйкес қамқоршылармен жұмыс, білім алушылардың сабаққа қатысуын бақылау, ата-аналарға әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру, отбасыларға қолдау көрсету және мектептегі тамақтандыру сапасын бақылау бағыттарында жұмыстар жүргізілді.

«29 қазан – Қамқоршылар күні» аясында 2 қамқоршы мектепке шақырылып, мектеп директоры атынан алғыс айтылып, гүл шоқтары табысталды. Өгей әкесімен немесе өгей анасымен тұратын отбасылардағы 20 білім алушының сабақтарына қатысу арқылы олардың мектептегі оқу жағдайын бақылау жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға кеңес беріліп, отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсетілді.

Мектеп асханасында тамақ сапасын тексеру бойынша комиссиялық тексеріс өткізіліп, нәтижесі хаттамамен рәсімделді.

Мектептегі 805 білім алушының 475-і бір реттік тамақтандырумен қамтылған, бұл жалпы оқушылар санының 59,0%-ын құрайды. Оның ішінде 331 оқушы 1–4-сыныптарда, 144 оқушы 5–11-сыныптарда білім алады.

Алдағы уақытта әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларды бақылау, ата-аналармен жұмысты жалғастыру, отбасылардың әлеуметтік жағдайын зерделеу және сапалы тамақтандыруды бақылау бағытындағы жұмыстар жоспарға сәйкес жалғасын табады.

Әлеуметтік педагог: _____

Күні: 31.10.2026 жыл